

«Bolashaq» Академиясының Жатақханада орын бөлу ережелері

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Жатақханада орын бөлу ережелері (бұдан әрі - Ережелер) «Bolashaq» Академиясының (бұдан әрі - Академия) жатақханаларында орындарды бөлу тәртібін айқындайды және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 219 бұйрығына сәйкес әзірленген.

2. Ережелер Академияның меншігіндегі жатақханада тұру орындарын беру тәртібін, негіздерін және кезектілігін белгілейді. Жатақханаға орналасу Академияда оқитын білім алушылар арасында құрылған комиссия шешімімен конкурс негізінде жүзеге асырылады.

3. Академияда оқитын білім алушыларға жатақхана ұсыну (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) білім алушыға (бұдан әрі - қызмет алушы) тегін түрде, осы Ережелерге 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш негізінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініш қабылдау және нәтижесін беру мынадай тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

1. әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор арқылы;
2. "электрондық үкімет" веб-порталы - www.egov.kz арқылы;
3. "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 3 жұмыс күні. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - қағаз жүзінде.

Қызмет көрсету нәтижесі - осы Ережелерге 2-қосымшаға сәйкес нысандағы білім алушыға жатақхана беру туралы жолдама не дәлелді бас тарту болып табылады.

Қызмет көрсету нәтижесі қағаз түрінде ұсынылады. Қызмет алушы қызмет көрсету нәтижесін көрсетілген мерзімде алмаған жағдайда, қызмет көрсетуші оны қызмет алушы алғанға дейін қабылдау орнында сақтауды қамтамасыз етеді.

Академияның жұмыс уақыты - дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін, еңбек заңнамасына сәйкес түскі үзіліспен (13:00-14:00), сенбі, жексенбі және мереке күндерін қоспағанда.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мына ресурстарда орналастырылады:

1. қызмет көрсетушінің интернет-ресурсында;
2. www.egov.kz порталында.

3-1. Мемлекеттік қызметті проактивті түрде көрсету мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте қызмет алушының ұялы байланыс құрылғысының телефон нөмірі "электрондық үкімет" веб-порталында тіркеліп, дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі болуы тиіс.

Бұл мыналарды қамтиды:

- қызмет алушыға автоматты түрде хабарламалар жіберу арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау жіберу;

- мемлекеттік қызметті проактивті түрде көрсету немесе заңнамада көзделген жағдайларда қызмет көрсетуден бас тарту.

Қызмет алушыдан жауап күту мерзімі сұрау алған сәттен бастап 24 сағатты құрайды.

2-бөлім. Комиссияны қалыптастыру тәртібі

5. Жатақханадағы орындар арнайы құрылған комиссиямен конкурс негізінде бөлінеді.

6. Жатақханада орындар бөлу жөніндегі конкурстық комиссияның (бұдан әрі - конкурстық комиссия) сандық және дербес құрамы, сондай-ақ оның өкілеттілік мерзімі Академияның бірінші басшысы арқылы айқындалады.

7. Конкурстық комиссия құрамына мыналар кіреді:

1. білім алушылардың жатақханада тұру мәселелеріне жетекшілік ететін әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор;

2. ерікті түрде құрылған кәсіподақ өкілдері;

3. студенттік өзін-өзі басқару органдарының өкілдері;

4. білім алушылардың жатақханада тұру мәселелеріне жетекшілік ететін кафедра меңгерушілері;

5. жастар саясаты мәселелеріне жетекшілік ететін Академияның құрылымдық бөлімшесінің өкілдері.

8. Конкурстық комиссия төрағасы болып жатақханада білім алушылардың тұру мәселелеріне жетекшілік ететін әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор тағайындалады.

9. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

1. конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;

2. өтініштерді объективті және ашық қарау, білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін бұзбай шешім қабылдау;

3. конкурстық комиссия отырыстарының қорытындысы бойынша шешімдер қабылдау.

3-бөлім. ЖОО-лардың жатақханаларында орын бөлу тәртібі

10. Конкурстық комиссия Академия жатақханасындағы орындарды осы Ережелерге 1-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш негізінде немесе портал арқылы электрондық түрде берілген өтініш негізінде, келесі құжаттарды қоса отырып бөледі:

1. осы Ережелерге 1-қосымшаға сәйкес Академия басшысының атына жазылған жатақхана ұсыну туралы өтініш;

2. қандас мәртебесін растайтын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат;

3. жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін).

Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор өтініш түскен күні құжаттарды қабылдап, тіркейді және 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішті конкурстық комиссияның қарауына жолдайды.

Егер қызмет алушы құжаттардың толық емес топтамасын немесе мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Академия өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Ережелерге 4-қосымшаға сәйкес нысанда құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

11. Жеке басты куәландыратын құжаттар, ата-анасының (ата-анасының) қайтыс болуы туралы куәлік (жетім балалар үшін), жасына байланысты зейнетақы/жәрдемақы алушының куәлігі (көп балалы отбасынан шыққан балалар үшін), Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-премьер-министрі - министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32885 тіркелген) бекітілген мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларына сәйкес өтініш берушінің (отбасының) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушылар қатарына жататындығын растайтын ақпарат мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алынады.

12. Конкурстық комиссия жатақханадағы орындарды келесі басымдық тәртібімен, негіздер мен кезектілікті ескере отырып бөледі:

1. жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа дейін ата-анасынан айырылған немесе қамқорлығынсыз қалған Қазақстан Республикасының жастары, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар тұлғалар, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;

2. үшінші топтағы мүгедектігі бар тұлғалар, бір немесе екі ата-анасы мүгедек болып табылатын тұлғалар, асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген жеңілдіктерге ие тұлғалар, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастарының өкілдері, қандастар, сондай-ақ мемлекеттік жоғары оқу орындарында немесе жарғылық капиталындағы дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі жоғары оқу орындарында немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жоғары оқу орындарында оқу жылының бірінші жылына шақырылған, белгіленген мерзімді әскери қызметті өтеген Қазақстан Республикасы азаматтары;

3. "Алтын белгі" белгісінің иегері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиадалардың және (немесе) конкурстардың жеңімпазы

немесе жүлдегері сертификатының иегерлері, сондай-ақ үздік білім туралы құжаты бар (куәлік, аттестат, диплом) талапкерлер;

4. мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданған, Ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе Кешенді тестілеудің, пәндер бойынша немесе білім беру ұйымы өткізген тестілеу нысанындағы емтихандардың нәтижелері бойынша жоғары балл жинаған білім алушылар.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе Кешенді тестілеудің, пәндер бойынша немесе тестілеу нысанында өткізілген емтихандардың нәтижелері бойынша баллдардың теңдігі жағдайында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау және есепке алу қағидаларына сәйкес, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, бірақ жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардағы балаларға, отбасында тұратын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл көмек қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға және басқа да санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге басымдық беріледі.

5. оқуда, ғылымда және қоғамдық қызметте жоғары жетістіктері бар жоғары курс білім алушылары;

6. Академияның басқа білім алушылары.

12-тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген азаматтар санатына мемлекет жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу кезеңінде 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма тоғыз есесінен аспайтын мөлшерде жатақханада тұру шығындарын жылына бір рет өтейді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес).

13. Шетелдік білім алушылар жатақханамен халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

14. Конкурстық комиссия өтініштерді қарау нәтижелері бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде жатақханада орын беру туралы шешім қабылдайды.

Комиссия отырысы мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда, конкурстық комиссияның шешімі заңды болып есептеледі. Дауыс беру нәтижелері комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

15. Конкурстық комиссия күтпеген отбасылық, материалдық және өзге де жағдайлар салдарынан тұрғын үйге мұқтаж болған білім алушыға жатақхана беру, сондай-ақ жатақханада тұру қағидаларын немесе Академия Жарғысын бұ

1. оқу жылының соңында (маусым айында) - келесі оқу жылына бірінші курстан басқа барлық курстардың білім алушыларына;

2. оқу жылының басында (тамыз айында) - бірінші курсқа оқуға қабылданған және басқа оқу орындарынан ауыстырылған білім алушыларға;

3. оқу жылы ішінде қажетіне қарай - жатақханада тұратын білім алушылар контингентінің өзгеруіне сәйкес, сондай-ақ ауыстырылған немесе қайта қабылданған білім алушыларды негізделген түрде орналастыру үшін.

17. Конкурстық комиссия отырысынан кейін 24 сағат ішінде Комиссия төрағасының қолы қойылған жатақханада тұруға арналған тізім негізінде білім алушыға осы Ережелерге 5-қосымшаға сәйкес ЖОО-ның жатақханаларынан орын беру туралы жолдама немесе дәлелді бас тарту беріледі.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, қызмет алушының "жеке кабинетіне" жатақханаға орын беру туралы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы нәтиже Академияның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түрінде жіберіледі.

20. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет көрсетушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызмет көрсетуші басшысының атына, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес, қызмет көрсетушіге келіп түскен қызмет алушының шағымы тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қызмет алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

Қосымша 2

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларына жатақхана ұсыну туралы жолдама

«Bolashaq» Академиясы, Ерубаев көшесі, 16/6

Азамат(ша)ға _____
(Т.А.Ә.)

Сізді №1 жатақханаға қоныстану үшін жолдаймын.

Жатақхана мекенжайы: Анжерская көшесі, 33

Сізге «» _____ 20 ж. _____ сағатта келуіңізді ұсынамын.

ӨТЖ проректор _____ (қолы)
Т.А.Ә.

«__» _____ 20__ ж.
М.О.